

**Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 мамырдағы № 2-18/VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 17 мамырда № 6277-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 15-118/VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 05.04.2024 № 15-118/VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексінің 365 бабы 3 тармағының 2) және 3) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 қыркүйекте № 24212 болып тіркелген) бұйрығына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 қыркүйекте № 24382 болып тіркелген) бұйрығына, Сайрам аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Сайрам аудандық мәслихатының 2019 жылғы 2 мамырдағы № 40-257/VI "Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 5050 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын..

2. Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Сайрам ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*Ш. Халмурадов*

Сайрам аудандық мәслихатының  
2023 жылғы 16 мамырдағы  
№ 2-18/VIII шешіміне 1-қосымша

### **Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м <sup>3</sup>
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	0,826
	Жайлы емес үйлер		0,835
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,203
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,261
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,130
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,297
6	Емханалар	1 келіп кету	0,029
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,111
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,135
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,261
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залдары	1 отыратын орын	0,036
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,022
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,074

13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,08
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,172
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1м <sup>2</sup>	0,149
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,092
17	көтерме базалар, өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының қоймалары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,019
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі, халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,031
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,07
20	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,138
21	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	3,792
22	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,463
23	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,622
24	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,11
25	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,036
26	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,029
27	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,132
28	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,013

**Сайрам ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері**

р/с №	Атауы	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету тарифтері		
1.1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	244,21
1.2	Жабдықталмаған үйлер	1 тұрғын	246,87
2	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері	1 текше метр (ҚҚС қоспағанда)	1 110,63
3	Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуге арналған тарифтері	1 текше метр (ҚҚС қоспағанда)	302,02